



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13 қаңтар 2023 № 14
Арқалық қаласы

город Аркалык

**Ведомствоаралық сараптамалық
топ құру туралы**

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізу және оқушылардың тамақтануының тиімді ұйымдастырылуын зерделеу үшін келесі құрамда ведомствоаралық сараптамалық топ құрылсын:

Қожақова Жанат Хасеновна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, топ жетекшісі;

Рахметов Жандос Ерғазыұлы, «АМАНАТ» партиясы қоғамдық бірлестігінің Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі, топ мүшесі (келісім бойынша)

Латыпов Қуаныш Жеңісович Қостанай облысы кәсіпкерлер Палатасының Арқалық қаласындағы филиалының басшысы (келісім бойынша)

Дуйсенова Гулжанат Кайсаровна, «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларға мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету секторының меңгерушісі, топ мүшесі (келісім бойынша)

Кабильдина Кенжегуль Жанбыршыновна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ш. Уәлиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ әлеуметтік педагогы, топ мүшесі (келісім бойынша)

Тажигулов Бауыржан Умерханович, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің есепшісі, топ мүшесі;

Нұғыманов Нұрлан Мұхатайұлы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әдіскері, топ мүшесі;

2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметін жүйелі зерделеу үшін жұмыс тобының кестесі жасалсын.

3. 2021 жылғы 26 қазандағы № 458 бұйрықтың күші жойылсын.

Басшы



Е. Мәметеков